

Күршім ауданының Маралды ауылдық округіне қарасты Үшбұлақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Маралды ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 тамызда № 7481 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Маралды ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Маралды ауылдық округі әкімінің 31.12.2020 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылдың 10 маусымдағы № 646 ұсынысы негізінде, Маралды ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Маралды ауылдық округіне қарасты Үшбұлақ ауылындағы ірі қара мал арасында сарып ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. "Маралды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жүргізу өз қарамағыма қалдырылсын

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маралды ауылдық округінің әкімі

Ф. Ожикенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК